



Қазіргі әлемдік үдерістер аясындағы қазақ мәдениеті

Орындаған: 8D03102—мәдениеттану мамандығының 2-
курс докторанты Есболова М.А.

Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, халқының тарихи тәжірибесіне сүйену – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс. Қазақстанның өтпелі кезеңіндегі мәдени саласында мәдениетімізді, дәстүр мен тілімізді қайта жаңғыртып дамытуда жеткен жетістіктер айтарлықтай болды. Кез-келген мемлекеттің мәдениетінің дамуы жоғары тілдік мәдениетсіз дамуы мүмкін емес.

Сондықтан қазақ тілінің дамуына ерекше маңыз берілуде. Өйткені қазақ тілі - Қазақстанды мекендейтін барлық халықтар мен ұлыстардың мәдениетінің, салт, дәстүрлерінің, қазақ халқы тұрмысының танымдық негізі болып табылады. Республикада Мемлекеттік «Тіл туралы» Заң қабылданды. Іс-қағаздарының қазақ тілінде жүргізуде шаралар жүзеге асуда. Қазақ тілі- мемлекеттік тіл деп жарияланды, оны әркім білуі қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Заңында азаматтардың барлығы қазақ тілін білу тиіс деп қудалауға жол бермейді. Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа кіруге ұмтылуда.

- Халықаралық бірлікте ұлттық мәдени орталықтары маңызды рөл атқарады.
- Олар Қазақстандағы барлық халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерінің қайта жаңғыруына қызмет етеді.
- Қазақстан халықтарының Ассамблеясы өткізілді.
- Кеште болса, қазақ халқының ағартушы қайраткерлері А.Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М.Дулатов, Ш. Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов сияқты қайраткер, ақын - жазушылардың атымен мектептер мен елді мекендер, көшелер, алаңдар атала бастады.
- Хан Абылай, Исатай мен Махамбеттің мүшел тойлары салтанатты жағдайда атап өтілуде. Халықтық салт-дәстүрлер, мерекелер қайта жаңғырды. Халық, туған жері жөнінде құнды мағлұматтар беретін ел, жер атаулары қайта оралды.
- 1992 жылы маусымда Республикалардың жаңа Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы қабылданды. Республика Әнұранының жаңа мәтіні қабылданды. Тудың авторы – Ш. Ниязбеков, Елтаңба авторлары – Ш.Уәлиханов пен Ш.Мәлібеков.
- Бүгінгі күні Қазақстан мәдениетіндегі негізгі мәселелер өмір идеяларының жалпы тәжірибесіне жақын. Қазіргі қазақ мәдениетіндегі мәселелерді мына негізгі мәдени-әлеуметтік типтерге бөліп қарастырайық.

Қазақстандағы қазіргі мәдени процестер көпқырлы және әр алуан. Оның астында қазіргі таңда дамып жатқан өнердің түрлері мен жанрын қоса алғанда, өзгерістердің, инновациялардың, білім берудің, ғылымның және мәдениеттің әртүрлі салалары мен аясын қамтитын түбегейлі қайта құрылудың кең көлемдегі спектрін түсінуге болады.

Рухани жаңғырудың жолында жүріп жатқан бірнеше жоба бар. Соның бірі әрі бірегейі, елбасының «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы турасында. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында жаһандану дәуіріндегі қазақстандық мәдениеттің бүгіні мен болашағына үлкен мән береді:

«Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек».

Расында да, қоғам дамуының басты көрсеткіші болып әрдайым оның мәдени жетістері танылды. Сол себептен, бұл жетістіктерді әлемдік деңгейде таныту қажет. «Жаһандық өмірдегі заманауи Қазақстан мәдениеті» арнайы жобасының арқасында отандық мәдениеттің заманауи жетістігімен барша халықтың танысу мүмкіндігі туады.

Қазіргі Қазақстан мәдениетіндегі халықтық мейрамдарды дамыту үдерісі үш бағытта жүргізілуде деуге болады:

- 1) Күнтізбелік циклдарға негізделген дәстүрлі халық мерекелерін қайта жанғырту (Наурыз, Қымызмұрындық, Мизам, Соғымбасы);
- 2) Тарихи, мәдени және рухани мұраға негізделген мерекелік іс-шараларды дәстүрлі ету (Мысалы, Ораза айт, Құрбан айт, Мәуліт, Қазақ хандығының көсемдері мен батырларының мерейтойлары және т.б.);
- 3) Егемендік алу аясындағы тарихи оқиғалар мен құндылықтарға негізделген жаңа мерекелерді дәріптеу (Мысалы, Егемендік мерекесі, Қазақстан халқының ынтымақтастық күні, Қазақстан халқы ассамблеясының күні, Конституция күні, Астана күні және т.б.).

Тәуелсіз Қазақстан



*“Біз болашағымыздың жарқын
болғанын көргіміз келеді”*

Н.Ә.Назарбаев






1991 жылы 10 желтоқсан күні республика атауын өзгерту туралы заң қабылданды. Бұдан былай Қазақ Кеңестік Социалистік республикасы *Қазақстан Республикасы* деп аталатын болды.




➡ 1991 жылы

➡ 16 желтоқсанда Қазақстан
Республикасы өз тәуелсіздігін
алды



1992 жылы Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік рәміздері
бекітілді





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ**

авторы — суретші Шәкен Ниязбеков

◎ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ –көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек — алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең.

◎ ҚР мемл. туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков. Бірыңғай көк-көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. . Қанатын жайған қыран құс — бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі.



- **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ЕЛТАҢБАСЫ**

- *авторлары — Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов*

◎ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ -
Елтаңбаның негізі — шаңырақ. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі.

◎ Шаңырақ — Күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті, Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі.

◎ Тұлпар — дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қ. р. м. г-нің авторлары — Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов.

2006 жылы Қазақстан Республикасының
әнұранына жаңа мәтін енгізілді.

әні: Шәмші Қалдаяқовтыкі

сөзі: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан
Назарбаев

► ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

► Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының мәтіні

► сөзі: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев

► Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты зой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты зой!

► Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

► Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

► Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

►

► әні: Шәмші Қалдаяқовтыкі

➤ 1992 жылы 7 мамырда Республика Президентінің жарлығымен Қорғаныс Комитеті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Қорғаныс министрі болып генерал-лейтенант С.Нұрмағамбетов тағайындалды.

➤ 1997 жылдың қарашасынан бастап Республика Қарулы Күштері жалпы міндеттерді орындайтын, әуе кеңістігі мен мемлекеттік шекараны қорғайтын үш бөліністен тұратын құрылымы көше бастады.



Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің 3 бағыты:

1. Өуе кеңістігі
2. Жалпы міндеттер
3. Мемлекеттік шекаралық



➤ Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқару әрбір қазақ азаматының аса маңызды әрі құрметті міндетінің бірі болып табылады. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету - Отанымызды қорғаудағы қасиетті борышыңды өтеу деген сөз.

➤ Отанды қорғауды біздің елімізге шабуыл жасаған сыртқы жаулармен қарулы күрес деп қана түсінбеу керек. Біз Отанымыздың күш-қуатын нығайта отырып, оны бейбіт уақытта да қорғауға ат салысамыз.

➤ Қазір енді Отан қорғаушылар қатарында Ұлы Отан соғысы қаһармандарының ұлдары мен немерелері тұр. Олар әкелері мен аталарының үлесіне тиген қатал сыннан өткен жоқ. Әйтсе де олар армиямыздың, халқымыздың қаһармандық дәстүрлеріне адал, Еліміз қауіпсіздігінің, бейбітшілікті қорғаудың мүдделері талап еткен, агрессия құрбандықтарына көмектесу керек болған әрбір сәтте қазақ жауынгері дүние жүзінің алдында қандай да болсын қиыншылықтарды жеңуге әзір тұратын, қалтқысыз, әрі ержүрек патриот, интернационалист ретінде көрінеді.

➤ Қазіргі армия жауынгердің ерік-жігері мен психологиялық төзімділігіне үлкен талап қояды. Ол әскери техникаларды, оның ішінде өте күрделі әскери машиналарды, ракета комплекстері мен радио электрондық жүйелерді, атомдық сүңгуір қайықтары мен дыбыстан жылдам ұшатын әуе кемелерін шебер меңгере білуі керек. Бұл жерде жауынгердің ұйымшылдығы мен тәртіптілігі қажет. Ал әскери тәртіпті білу, оны орындауға әзір тұру - өзіңнің жеке басыңды қалыптастыру мен әскери қызметке дайындалу жолындағы маңызды қадам деген сөз.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті





Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстан 78-мемлекетпен достық қарым-қатынас шартына қол қойды. 108 ел Қазақстан тәуелсіздігін мойындады



1992 жылы ең алғаш Ресей Федерациясымен достық қарым – қатынас орнатты.



1992 жылдың наурыз айында Қазақстан дүние жүзі мемлекеттерінің басын қосып, оларды жарқын идеалдарға бағыттап отырған ең мәртебелі ұйым – Біріккен ұлттар ұйымына мүше болып қабылданды.

Заседание Совета глав правительств
государств-членов
Шанхайской организации сотрудничества
Ташкент - 2007



上海合作组织成员国政府首脑理事会会议
塔什干-2007



1996 жылы 26 сәуірде Қытайдың Шанхай қаласында шекаралары шектесіп жатқан бес мемлекет – Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасы басшыларының алғашқы кездесуі өтті.



Қазақстанның Еуропа қауіпсіздігі және ынтымастығы ұйымына төрағалыққа ұсынылуы жөніндегі шешім аталған ұйымға мүше 56 мемлекеттің 100 пайыздық келісімімен қабылданды.



Organization for Security and Co-operation in Europe
PARLIAMENTARY ASSEMBLY

1993 жылғы Конституция.

- ❖ 1993ж. 28 қаңтарда Тәуелсіз ҚР Конституциясы қабылданды.
- ❖ 4 бөлімнен тұратын Негізгі заң 21 тарау мен 131 бапты біріктірді.
- ❖ “Қазақстан Республикасы - демократиялық, зайырлы және біртұтас мемлекет” деп жарияланды.

Жаңа Конституция.

- Қр Президентінің ұсынысымен 1995ж.30 тамызда өткен республикалық референдумда мемлекетіміздің жаңа Конституциясы қабылданды.
 - Конституция 98 бапты біріктіретін 9 бөлімнен тұрады.
1. Бөлім.Жалпы ережелер.
 2. Бөлім.Адам және азамат.
 3. Бөлім.Президент.
 4. Бөлім.Парламент.
 5. Бөлім.Үкімет.
 6. Бөлім.Конституциялық кеңес.
 7. Бөлім.Соттар және сот төрелігі.
 8. Бөлім.Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару.
 9. Бөлім.Қортынды және өтпелі ережелер

Ұлттық валютаны айналысқа енгізілуі.

➤ 1993 жылы 15 қараша күні Президент Н.Ә.Назарбаев ҚР Конституциясы мен Жоғарғы Кеңес берген өкілеттілігіне сәйкес елімізде ұлттық валюта-теңгені айналысқа енгізу туралы жарлыққа қол қойғаның хабарлады.



Айналымға шыққан теңгелер.



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



Президент Н.Ә. Назарбаевтың ”Қазақстан – 2030” халыққа жолдауы.

➤ 1997ж.президент Н.Ә.Назарбаев 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясын анықтап, онымен халықты таныстырды.

➤ “Қазақстан – 2030” стратегиясында қоғамның ұзақ мерзімді басым мақсаттары- жеті бағытқа бөле көрсетілді.Олар:

1. Ұлттық қауіпсіздік;
2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы;
3. Экономикалық өрлеу;
4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты;
5. Энергетика ресурстары;
6. Инфрақұрылым, көлік және байланыс;
7. Кәсіпқой мемлекет.



2010 жылғы жолдау:”Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның мүмкіндіктері”.

❖ 2010 жылғы жолдаудың тармақтары:

- 1) 2010 Стратегиялық жоспарын іске асыру- ел дамуының аса маңызды шебі;
- 2) Дағдарыс кезеңі- дұрыс шешімдер қабылдау уақыты;
- 3) 2020 Стратегиялық жоспары- қолбасшылыққа Қазақстандық жол;
- 4) Адам- елдің басты байлығы;
- 5) Ішкі саяси тұрақтылық 2020 Стратегиялық жоспарын іске асырудың сенімді іргетасы;
- 6) Сыртқы саясат.

Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы(ЕҚЫҰ).

- ➔ 2007 ж Қазақстанды ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету туралы шешім қабылданды.
- ➔ 2010 жылы Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ-ға төраға.
- ➔ Төрағасы Қанат Саудабаев.



Абай Құнанбаев



**1995 жылы қазақтың ұлы ақыны,
ойшыл, гуманист Абайдың 150
жылдық мерейтойы аталып өтті.**

Жамбыл Жабаев

1996 жылы жыр алыбы Жамбылдың
жылы жарияланды. 150 жылдық
мерейтойы.



Мұхтар Әуезов



**1997 жылы жазушы, ғұлама
ғалым Мұхтар
Омарханұлы Әуезовтың 100
жылдық мерейтойы
тойланды.**

Қаныш Сәтбаев

1999 жылы Қазақ
Ғылым академиясының негізін
қалаушысы ғұлама ғалым Қаныш
Имантайұлы Сәтбаевтың 100
жылдық мерейтойы аталып өтті.



Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы

1992 жылдың қыркүйек, қазан айларында дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өтті. Бұл- еліміз егемендік алғаннан кейін ғана мүмкін болып отырған елеулі оқиға еді. Оған Азия, Африка, Еуропа және Американың 40-қа жуық елдеріндегі 3 млн 200 мың қазақ диаспорасының өкілдері қатысты. Бұл жиында өткізу және оған кенестік өміршіл әкімшіл басқару жылдарында өз елін, өз жерін тастап, шетелдерге ауа көшіп кеткен қандастарымызды шақыру үшін шың мәніндегі гуманизмнің көрінісі болды.

2004 жыл “мәдени мұра”

Бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші кезеңінде ұлттық және дүниежүзілік мәдениет үлгілерін қамтитын 218 том жарық көрді, 35 сәулет өнері ескерткіштері күрделі жөндеуден өтті және қалпына келтірілді. АҚШ-та, Жапонияда, Түркияда, Ресейде, Арменияда, бірқатар Батыс Еуропа елдерінде зерттеу жұмыстары жүргізіліп, отандық тарихқа қатысы бар 5000-ға жуық деректер жиналды.

Бағдарлама аясында еліміздегі ең ірі мәдени-ағартушылық мекеме қарамағында Қазақ мемлекеттігінің тарихи мұражайы, ғылыми кітапханасы, ұлттық дәстүрлер театры бар Қазақстан Республикасының Президенттік мәдени орталығы құрылды.





Астана – Бәйтерек» кешені

«Астана - Бәйтерек» монументі – бұл Астананың белгісі болып табылатын теңдесі жоқ құрылыс. 97 метр биіктікте шолу алаңы орналасқан одан Сіз Қазақстаннан тыс жерлерде де танымал ағаштың басына орнатылған алтын күн де, ішкі сәулеті де символ мәнді, үш аймаққа бөлінген және әлемнің үш негізін бейнелейтін салынып жатқан Қазақстанның жаңа астанасының көрінісін тамашалай аласыз. Металлдан, шыныдан және бетоннан жасалған «бәйтерек» әдемі, салынуы бойынша күрделі архитектуралық ғимарат: биіктігі 105 метр, салмағы 1000 тоннадан асатын металл құрылымы бес жүз діңгек қадамен ұсталынған. Күн сәулесінің әсерінен түсін өзгертіп тұратын «хамелеон» шыныдан жасалған диаметрі 22 метр және салмағы 300 тонна шар дүние жүзінде алғашқы рет рекордты биіктікті бағындырды. Жас Астанада бой көтерген аталған монумент архитектуралық жаңарудың, Астананың, Қазақстанның символы болып табылады.



«Астана-Бәйтерек» монументі бұл дүниеде жоқ аналогтардың әмбебап ғимараты, оны салу идеясы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтікі.

«Астана-Бәйтерек» монументінің маңызы – ол қазақ халқының өмірінің жаңа кезеңінің символы сияқты, оны «Аялы Алақан» – Қазақстан Республикасының алғашқы Президентінің оң алақанының бедерлемесі шығармашылық композициясынан көруге болады. Оның алақанынан мемлекетке ұқыпты және қасиет тұтатын қарым-қатынасын және осы елдің тұрғындарына деген тату-тәтті өмірге, достық пен жарасымдылыққа деген ниеті көрінеді. 1997 жылды көрсететін Астананың мемлекеттің жаңа астана болғанын және осыған сәйкес ел тарихындағы жаңа кезең нүктесі.

Күнделікті Монументке тұрғындардың әр түрлі әлеуметтік қабатын көрсететін барлық жас аралығындағы көп адамдар келеді. Келушілердің қызметіне екі кафе-бар ұсынылады. Олар өздерінің өнімдерін және бар ассортиментін ұсынады, сонымен қатар онда «Астана-Бәйтерек» символикасымен сувенирлік өнімдер сату бойынша дүкен бар. Онда сіз халықтардың бұйымдарын табасыз. Келушілерді қарсы алушы және қызмет етуші барлық жұмысшыларда бейджиктер, жеке біріңғай формалы киімі бар. Киім ұлттық өрнектермен нақышталған, әрбір қызмет үшін өңделген және жыл сайын жаңартылады.





Бәйтеректің таңғы және түнгі көрінісі



Ақ Орда резиденциясы Астана қаласы Есілдің сол жағалауындағы жаңа әкімшілік орталығының аумағында 2001 ж. қыркүйек айында салына бастады. Ғимараттың жалпы көлемі 36 720 м². Қазақстан Республикасы Президентінің Ақ ордасының ресми тұсаукесері 2004 ж. желтоқсанның 24 күні өтті. Ғимарат қазіргі заманғы құрылыстың ең таңдаулы әдістерін қолдана отырып, монолит құйматастан салынған. Шатырсүмбіні қоса есептегендегі ғимараттың биіктігі 80 м. Қасбеттің қаптамасы қалыңдығы 20—40 см. болатын итальян мәрмәрынан жасалған. Ғимарат жер бетінде 5 және жер астындағы 2 қабаттан тұрады, оның ішінде жер бетіндегі 1-қабаттың биіктігі 10 м., қалған қабаттардың биіктігі 5 м. Жертөле қабаттарында техникалық қызмет, ас үй, асхана және гараж орналасқан. Бірінші қабатта жалпы ауданы 1800 м² құрайтын, еденіне гранит төселген салтанатты хол орналасқан. Екінші қабатта қызметтік орынжайлар орналасқан. Үшінші қабатта: киіз үйге ұқсатып жасалған, мәрмәр және гранит таспен өңделген Шығыс залы; сыйлықтар мен сенім грамоталарын тапсыру залы; екіжақты кездесулерге арналған «Алтын» зал; камин залы; қызметтік орынжайлар мен мәжіліс залдары орналасқан. Төртінші қабатта: қызметтік орынжайлар мен мәжіліс залдары; Саммиттің Үлкен залы; кітапхана; кіші Шығыс залы орналасқан. Барлық залдар ерекше мәнермен әрленген, люстралар мен жиһаз бар. Едендерге түрлі сортты мәрмәр, гранит тастары және көркем паркет төселген. Резиденцияны салу барысында әлемдік ірі өндірушілердің озық инженерлік құрал-жабдықтары пайдаланылған.





«Нұр-Астана» орталық мешіті

«Нұр-Астана» орталық мешіті 2005 жылғы 22 наурыздан бастап Астананың сол жағалауының ғажайып келбетіне, жаңа бір көз тартатын ғимаратына айналды. Бұл жерде ол үйлесімді орналасқан. Шығыстың әсемдігі шыны, бетон, болат, гранит және алюкобонд әсемдігімен өріліп, ойластырылып салынған. Бес мыңнан астам дінге сенетін адам мешіттің шамамен төрт мың шаршы метрінде, тағы екі мың келуші оның алдындағы алаңда намаз оқи алады. Әр біреуі 62 метр төрт мұнара мәңгілікке бірге жинақталған, ал алюминий мен алтын жалатылған күмбездер қаланың іскер адамдарына рухани игіліктер туралы ұмыттырмайды.

«Астаналық цирк» КМҚК

Есілдің сол жағалауына сыртқы көрінісі «ұшатын тарелкаға» ұқсас цирк ғимараты салынды. Ондағы сәулет идеясы, оның жоғарғы технологиялармен іске асырылуы, ішкі құрылғының эргономикасы, кеңейтілген инфрақұрылымы барлығы да ерекше. Ең басты жетістік – алғаш рет құрылған цирк ұжымы. Акробаттар, эквилибристтер, үйретушілер, аттағы жігіттер, ауада өнер көрсететін гимнасттар, иллюзионистер мен сайқымазақтар цирктің кішкентай және ересек жанкүйерлерінің көңілдерін көтереді. Адамдармен бірге африка арыстандары, шотланд понилері, түйелер, аюлар, есектер, маймылдар және иттер сынды жануарлар да өнер көрсетеді.






АСТАНА. Наурыздың 20-сы. ҚазАқпарат /Арман Асқаров/ - Бүгін Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Тұй-ұқұқ және Теркін атты байырғы түркі ескерткіштерінің ашылу салтанаты аясында ұлы қолбасшы, түркі тарихының жарқын тұлғасы Күлтегін батырдың өміріне арналған деректі фильм көрсетілді. Сол фильмге арналып күлтегін ескерткіші жасалды.


Кемелденген Қазақстан



“Қазақстан – 2050” стратегиясы



- 
- ❖ Бір мақсат – Мәңгілік елді нығайту, біздің Отанымыз Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту!
 - ❖ Бір мүдде – біздің ортақ құндылығымыз, тәуелсіз және гүлденген елде өмір сүруге ұмтылу!
 - ❖ Бір болашақ – Мәңгілік елдің, біздің ортақ Отанымыз- Қазақстан Республикасының гүлденуі

- 
- "Қазақстан-2050" Стратегиясы - 2012 жылдың желтоқсан айында Мемлекет басшысының ел халқына жолдауында таныстырылды.
 - Оның басты мақсаты — мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру.
 - Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы.
 - Барлығы да адам игілігі үшін лайықталған мемлекетке айналу.

«Бүгінде отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет!»

Елбасы Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан 2050: стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Жолдауы. 14 желтоқсан, 2012 ж.

«Қазақстан-2050» жолдауының негізгі бағыттары:

- 1. Инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм.
- 2. Кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау – ұлттық экономиканың жетекші күші.
- 3. Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттары – әлеуметтік кепілдемелер мен жеке жауапкершілік.
- 4. Білім және кәсіби біліктілік – қазіргі білім жүйесінің, кадрлерді даярлау мен қайта даярлаудың кілтті бағыттары.
- 5. Мемлекеттіліктің одан әрі дамуы және қазақстандық демократияның дамуы.
- 6. Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көп ұлтты және көп конфессиялық қоғамның жетістік негізі.
- 7. Дәйекті және жорамалды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді өрлету және аймақтық пен жаһандық қауіпсіздікті нығайту.

□ Осы стратегиялық мақсатқа жету үшін, Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, біз дамыған, бәсекеге қабілетті, жоғары білімді ел болуымыз қажет, атап айтқанда қол жетімді және сапалы білім беруді, интеллектуалды мектептер мен дүниежүзілік деңгейдегі кәсіби-техникалық колледждердің дамуына көп көңіл бөлуіміз керек. Осының барлығы біздің жастарымызды жоғары білімді және бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесін жетілдіру

- Қазіргі таңдағы еліміздегі өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыттары және қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы, қарқындылығы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті.
- Бұл білім беруді жаңарту педагогтардың жауапкершілікті түсінуі мен олардың кәсіби деңгейіне және білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешуге қосқан үлесіне байланысты.
- Он екі жылдық білім беруге көшуге байланысты Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне енуі, педагогтар қауымынан кәсіби міндеттер мен оны жүзеге асыруда жаңаша көзқарасты, яғни инновациялық қызметті дамытуды талап етеді.


Еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы міндеттер

- Оқу процесіне заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу
- Педагогикалық кадрлардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру
- Педагогикалық базалық білім беру стандарттарын, мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру талаптарын жаңарту
- Кадрларды даярлауды экономика қажеттілігіне сәйкес келтіру
- Білім саласына әлемнің үздік жетістіктерін енгізу
- Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесін дамыту

Инновация ұғымы

Инновацияға нақтылы анықтама әлі де жасала қойған жоқ. Ш.Таубаева мен Қ.Құдайбергенованың берген анықтамасына сүйенсек , «инновация» – бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Нақты мақсат дегеніміз не? Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады?

Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бет бұрудың кілті»

- 
- Инновация мәселелерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп ұғамыз.
 - Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter» – бұл «өзара», «act» – әрекет ету дегенді білдіреді.
 - «Интерактивті» сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлденемен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен студенттің өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.



Қазақ халқының салт-дәстүрлері





Ұлттық салт-дәстүр

- *Қазақ – көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып – дәстүрі бар, этнографиялық ахуалы әр қилы, пейілі өзінің байтақ даласындай кең де қонақжай халық. Халқымыздың бітім болмысын зерттеген этнограф ғалымдардың атап өткеніндей, қазақ – жайшылықта тәубешіл, жаугершілікте тәуекелшіл, зерделі де ойшыл, сабырлы да төзімді, шыдамды да жомарт, елгезек те еліктегіш, кеңпейіл де кішіпейіл, ерегескенмен ерегесетін, доспен дос бола алатын, әділдікті бағалай білетін халық.*

Бесік той



Әлди, әлди бөпешім,
Әнімді айтып берейін.
Аялап, сені жүрейін,
Өскенінді, көрейін.

Былдырлаған тіліңнен,
Айналайын бөпешім.
Таптым, бақыт өзіңнен,
Ұйықтай ғой, енді
көкешім.



Шілдехана



Шілдехана шілделік, шілде
күзет – өмірге келген нәрестенің
құрметіне жасалатын той.

АТ ҚОЮ



**Жаңа туған сәби болашақта сыйлы, құрметті,
үлкен адам болсын деген үмітпен ата-анасы
жасы үлкен, сыйлы адамға ат қоюға қолқа
салады.**

Тұсау кесу



Бала бесіктен белі шығып, еңбектеуден өткен соң аяғын қаз-қаз баса бастайды. Өз аяғымен туған жеріні топырағын басып, із түсіріп, өз көзімен алдына қарап таң-тамаша болады. Бұл баланың ең алғашқы талпынысы, тіршілігі. Мұны ежелден түсінетін қазақ баласының келешегіне ақ жол тілеп, тұсау кесер жасайды. Бұған да мал сойып, жұрт жияды. Баланың анасы ала-құла шуда жіптен екі-үш қарыс дайындап, оны ауылдағы бір желаяқ пысық әйелге «ал сен кес, өзіндей пысық болсын» деп ұсынады. Ол кісі ала жіпті баланың екі аяғына тұсауша байлап, сонан соң ортасынан кеседі. Бала анадайдағы апасына қарай тәлтіректеп жөнеледі.

Сүндет той



Қалыптасқан дәстүр бойынша ата-бабаларымыз ер балаларын бес-жеті не тоғыз жасында сүндетке отырғызады. Сәрсенбінің сәтті күні ауыл молдасы баланы сүндетке отырғызады

Тілашар



Тілашар тойына арнап шашу шашады. Әр отбасы баласы жеті жасқа толған соң медресеге, мектепке оқуға береді. Бұл да бала өміріндегі елеулі оқиға, есте қаларлық елеулі кезең болып табылады. Осы күні балаға жаңа киім кигізіп, оқу жабдықтарын дайындап, шағын той жасайды. Мұны дәстүрлі «тілашар» тойы деп атайды. Үлкен-кішілер балаға өсті, азамат болды, «ғалым бол», «ақын бол» деген сияқты тілек білдіріп, бата береді. Жаңа киіміне байғазы, тағамдар ұсынады. Бұл тәрбиеден бала өскендігінің белгісін сезінеді, оқуға құмарлығы артады. Жақын-жуық адамдар баланың ата-анасына құтты болсын айтып, балаға сәт-сапар тілейді.

Шашу



- ✦ Шашу – қуаныш айғағы ретінде жасалатын өте сұлу да салтанатты дәстүр.
- ✦ Келін түскенде, жақсылық күндерде, алыс сапардан жолаушы келгенде, құда келгенде тағы басқа зор қуанышты күндерде әйелдер құрт, кәмпиттен, күміс теңгеден шашу шашады.
- ✦ Шашылған шашудан тойға қатысушылар теріп алып, ырым кылып балаларына апарып береді. Шашуды әйелдер ғана шашады.

БАТА БЕРУ



Жастар алыс жолға
аттанарда не үй
болып, шаңырақ
көтерерде жасы үлкен
ақсақалдардың алдынан
өтіп, ақ батасын алатын.



Сүйінші
Куанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда куанышты үй иесі «калағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл куанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ.

Сәлемдеме
Сәлемдеме (дәстүр) – адамдардың бір-біріне деген сыйластығының, құрмет тұтуының айқын белгісі. Олар көптен көрмей сағынысқан адамдардың бір-біріне жіберген қымбат бұйымы, асыл заты немесе жеңсік тамағы, қысқы сыбағасы. Оның қымбат бағалы болуы шарт емес.

Қыз ұзату



- Образец текста
- Второй уровень
- Третий уровень
- Четвертый уровень
- Пятый уровень

«Қыз ұзату» (салт, той).
«Ұлын ұяға, қызын қияға
қондыру» ата ананың
тілегі әрі парызы. Соның
ішінде қыз ұзату үлкен
той, думан әрі қызық. Бұл
күні ата ана қуанады, әрі
жылайды. Қуанатыны
қыз өсірді және оны құтты
жеріне қондыруы,
жылайтыны әрине
қимастық көңілі.

ҚҰДА ТҮСУ ТОЙЫ

- Құда түсу – ежелден келе жатқан дәстүр. Құда болудың бірнеше жолдары бар. Екі адам достықтары артып, туыс болғысы келсе, балалы болмай жатып, құда болып жатады. Бұндай құдалықтың түрін «бел құда» деп атайды. Ежелден келе жатқан құдалықтың тағы бір түрі – «бесік құда». Екі нәрестені бесікте жатқан кезінен айттырып қояды. Қыз бойжеткенде, ұл жағы атастырып қойған қызға құда түсіп келеді. Бұл да үлкен тойдың бірі. Қазіргі кезде де осы салт-дәстүр ұмыт болмаған.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері

Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт – дәстүрлері, ырымдары өте көп. Қазақ «қазақ» деген атын осы кезге дейін қазақи салт – дәстүрлерімен, ырымдарымен, той – мереке, тағы басқа да жол – жосындарымен талай елді таң қалдырып келеді. Ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңарту ендігі болашақ ұрпақтың өз қолында.

